

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің пәтерлері мен тұрғын үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаржы бөлу және төлеу қағидасы туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 қазандағы N 179 -IV шешімі. Атырау облысының Әділет департаменті Индер ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қарашада N 4-6-90 тіркелді. Күші жойылды - Индер аудандық мәслихатының 2010 жылғы 25 маусымдағы N 230-IV шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Индер аудандық мәслихатының 2010.06.25 N 230-IV шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабын, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджет кодексінің 56 бабын және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабын басшылыққа ала отырып **ШЕШЕМІЗ:**

1. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 26 қазандағы N 257 қаулысымен ұсынылған Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің пәтерлері мен тұрғын үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаржы бөлу және төлеу қағидасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларына (төрағалары С. Құлғалиев, Б. Сапаров) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланып күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілсін.

| | | |
|----------------------------------|------------------------|------------------------|
| | <i>А у д а н д ы қ</i> | <i>м ә с л и х а т</i> |
| <i>XX сессиясының төрағасы</i> | <i>Ө. Нұриев</i> | |
| <i>Аудандық мәслихат хатшысы</i> | <i>Е. Көшек</i> | |